bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***

2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# "Егіннің бастары" сабақ жоспары

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.02.2020 | https://bilimger.kz/55462/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | |
|---|---|---|
| **Мектеп:** Уәлиханов ауданы**,** «Өндіріс орта мектебі» КММ | | |
| **Сабақ тақырыбы:** А.Байтұрсынов «Егіннің бастары» өлеңі. | | |
| **Күні** | **Мұғалімнің есімі** Аязбекова Зауреш Каримовна | |
| **Сынып: 5** | **Қатысқандар саны: 10** | **Қатыспағандар саны: 0** |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | Т\Ж 5.3.Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу<br>Б\С.5.2. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады, шынайы өмірмен салыстырып бағалайды<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** Көркем шығармадағы кейіпкерлердің образын салыстырады баға бере алады.<br>**Кейбір оқушылар:** Кейіпкерлер әрекетін өмірмен байланыстырады, жеке көзқарастарын білдіреді, пікірін білдіреді. | |
| **Бағалау критерийлері:**<br>**(жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)**<br>_ | Шығармадағы кейіпкер портреті мен іс-әрекетін анықтайды; | |
| | Кейіпкер портреті мен іс – әрекеті арқылы образын ашады ; | |
| | Кейіпкерлерді шынайы өмірмен байланыстырады; | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Шығарманы оқиды, талдайды, кейіпкерлер іс-әркетін салыстырады, өз пікірін білдіреді.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>**А)Тірек сөздер**: егінші, бала, бидай, дәнге толу, тағзым ету, қайран қалу, шекірею, теңгермеу, бүгілу, кекірею, иілу<br>**Ә) Мақал-мәтелдер қолдану:**<br>*Бидайдың кеудесін көтергені-<br>Дақылы жоқтығы.<br>Жігіттің кеудесін көтергені-<br>Ақылы жоқтығы<br>*Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай,<br>Батырмын деп мақтанба, барып қайтпай.<br>**Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** *тағзым ету, көзі түсті, көкке қарау. Адамның адамшылығы ақылында.*<br>***Талқылауға арналған сұрақтар:***<br>— Не себепті өлең «Егіннің бастары» деп аталады?<br>— Тәкаппарлық дегенді қалай түсінесіздер? | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Жас ұрпақты қайырымдылыққа, жанашырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу, жаман әдеттен жирендіру. | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Өзін-өзі тану | |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Ахмет Байтұрсыновтың мысалын біледі | |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br><br>**5 минут** | Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>«Теңеу» өз есімдерінің алғашқы әрпінен басталатын жақсы тілек сөздер айту.<br>Дәнді дақылдар суреттері бойынша топқа бөлу<br><br>1- топ бидай 2- топ арпа<br>**«Миға шабылу» әдісі**<br>/интерактивті тақтада суреттер көрсетіледі, оқушыларға жетекші сұрақтар қою арқылы жаңа сабақты ашамын/<br><br>-Балалар, қандай суреттер көріп тұрсыздар?<br>— Осы суреттердің бір-бірімен қандай байланысы бар?<br>Оқушылар жасаған сөз тіркестері мен сөйлемдерді толықтыра отырып, жаңа сабақ тақырыбы анықталады.<br>-Дұрыс айтасыздар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:<br>— Егіннің бастары. | Суреттер топтамасы<br><br>Интерактивті тақта суреттер |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>
Ортасы<br><br>
5 минут<br><br>
8 минут<br><br>
3 минут<br><br>
3 минут<br><br>
10 минут
</td>
<td>
1.тапсырма. /топтық жұмыс/<br><br>
«Топтастыру» әдісі.<br><br>
Мысал өлеңді мәнерлеп оқи отыра, сызба негізінде<br>
кейіпкер образын және іс- әрекетін ашыңыз.<br>
1-топ. Дәні жоқ егіннің басы<br>
2-топ. Дәнге толы егіннің басы<br><br>
<table>
<tr><th>· Дескриптор:</th><th>Бал</th></tr>
<tr><td>Өлеңнен кейіпкер образын және іс – әрекетін аша алады</td><td>1</td></tr>
</table>
<br>
Кері байланыс: ( ҚБ)<br>
— тапсырманы жақсы түсіндім.<br>
— тапсырманы түсіндім, сұрақ бар.<br>
— жартылай түсіндім<br>
2 тапсырма (топтық жұмыс)<br>
Оқиғалар ретін тауып, «Хикаялар картасына»<br>
салыңдар.<br><br>
<table>
<tr><th>· Дескриптор:</th><th>Бал</th></tr>
<tr><td>Оқиға ретін анықтайды;</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Картада көрсетеді</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Өзара талқылайды</td><td>1</td></tr>
</table>
<br>
Кері байланыс: ( ҚБ)<br><br>
3 -тапсырма Ж.Ж. Кімнің сөзі екенін табыңдар<br>
«семантикалық кесте» әдісі<br><br>
<table>
<tr><th>Кейіпкер сөзі</th><th>бала</th><th>әке</th><th>автор</th></tr>
<tr><td>Баланың сол бидайға көзі түсіп,<br>Білмекке кетті көңілі жөнін сұрап</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мұның мәнін түсіндірші,<br>Бір іске тұрмын өзім қайран қалып!</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,<br>Ойлама, кем екен деп бәрі сонан</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сұқтанба құр сорайған қарасына</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
<table>
<tr><th>· Дескриптор:</th><th>Бал</th></tr>
<tr><td>Кейіпкер сөзін табады</td><td>1</td></tr>
</table>
<br>
Кері байланыс: Жауап үлгісі<br>
бойынша өзін – өзі тексеру<br>
4- тапсырма Ж.Ж. Кейіпкерлерді салыстырыңдар<br>
Венн диаграммасы<br><br>
<table>
<tr><td>Дәні бар егіннің басы</td></tr>
</table>
<br>
<table>
<tr><td>Дәні жоқ егіннің басы</td></tr>
</table>
<br>
<table>
<tr><td>ортақ</td></tr>
</table>
<br>
<table>
<tr><th>· Дескриптор:</th><th>Бал</th></tr>
<tr><td>Кейіпкерлерді салыстырады</td><td>1</td></tr>
</table>
<br>
Кері байланыс: ( ҚБ)<br>
5-тапсырма: «Еркін микрофон» әдісі.<br>
Тақырыпқа байланысты берілген мақал- мәтелдердің мағынасын ашып, өмірмен<br>
байланыстыр (жеке жұмыс)<br>
1. Бидайдың кеудесін көтергені-<br>
Дақылы жоқтығы.<br>
Жігіттің кеудесін көтергені-<br>
Ақылы жоқтығы<br>
2. Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай,<br>
Батырмын деп мақтанба, барып қайтпай.<br><br>
<table>
<tr><th>· Дескриптор:</th><th>Бал</th></tr>
<tr><td>Мақал – мәтелдердің мағынасын ашады</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Өмірмен байланыстырады</td><td>1</td></tr>
</table>
<br>
Кері байланыс (ҚБ)<br>
«Үш қол шапалақ»
</td>
<td>
Оқулық, мәтін<br><br>
Қызыл, жасыл, сары түсті фигуралар<br><br>
Карта<br><br>
Бас бармақ суреті<br><br>
Үлестірмелі қағаз<br><br>
Интерактивті тақта<br><br>
Венн диаграммасы<br><br>
Бас бармақ суреті<br><br>
микрофон
</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr>
<td>Аяқталуы<br>6 минут</td>
<td>«Кахут» бағдарламасы бойынша сабақты аяқтау<br>Тест<br>1 «Егіннің бастары» мысалында не жайлы айтылады?<br>А. Тәкаппарлық В. Жалқаулық С. Егіншілік Д. Адамгершілік<br>2. Тәкаппар сөзінің синонимін табыңдар<br>А. Адамгершілік В. Жалқаулық С. Кекірею Д. Менсінбеу<br>3. «Егіннің бастары» қандай жанрға жатады<br>А. Өлең В. Мысал С. Баллада Д. Хиқаят<br>4. «Егіннің бастары» мысалынның авторы кім?<br>А. А. Құнанбаев В. Ы. Алтынсарин<br>С. Халық Д. А. Байтұрсынов<br>5 «Егіннің бастары» мысалы неше шумақтан тұрады?<br>А. 5 В. 9 С. 8 Д. 7
<table>
<tr><td>Дискриптор</td><td>Бал</td></tr>
<tr><td>Берілген тест сұрақтарының дұрыс бір ғана жауабын анықтайды</td><td>1<br>1<br>1<br>1<br>1</td></tr>
</table>
Кері байланыс (ҚБ)1<br>Жауап үлгісі бойынша өзін – өзі тексеру<br><br>Рефлексия<br>Табыс сатысы<br><br>Үй тапсырмасы:<br>«Тәкаппарлық деген не?» ойтолғау шағын жазу</td>
<td>Интернет желісі<br><br>«табыс сатысы» рефлекция<br><br>стикерлер</td>
</tr>
</table>

| **Қосымша ақпарат** | |
|---|---|
| **<u>Саралау</u> — Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | Тапсырмалар барысында оқушыларға қосымша көмек көрсетемін. Қабілеті әртүрлі оқушыларға жеке, жұптық, топтық жұмыс беру арқылы тапсырмалар сатысымен күрделендіремін.Белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін қолданамын. Деңгейлік тапсырмалар, мақал-мәтелдер бердім |
| **Бағалау — Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?** | Әр тапсырмадан соң<br>1. Түрлі түсті фигуралар<br>2. Бас бармақ<br>3. Үш қол шапалақ<br>4. Жауап үлгісі бойынша өзін – өзі тексеру<br>кері байланыс.<br>Сабақ соңында рефлексия «Табыс сатысы». |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | |
| **Қорытынды бағамдау** | |
| **Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>**1.**<br>**2.**<br>**Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>**1.**<br>**2.**<br>**Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?**<br>**1.**<br>**2.** | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.